

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қарашадағы N 1636 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 28 желтоқсан N 1342. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.04.09. N 394 қаулысымен. ~P990394

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 18 қыркүйектегі N 4073 U984073_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері" туралы 1997 жылғы 21 қарашадағы N 1636 P971636_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 50, 466-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережеде:

7-тармақта:

оныншы абзац "мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын басқа да

ұйымдардың" деген сөздерден кейін "мемлекеттік қызметшілерден басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

он екінші абзац "мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын басқа да ұйымдардың" деген сөздерден кейін "мемлекеттік қызметшілерден басқа" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Орынбекова Д.К.
Кобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК